

Іс-әрекеттегі зерттеу: оқушылардың зерттеушілік дағдыларын Абай шығармашылығы арқылы дамыту

Зиятбек Меруерт

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Құрманғалиева Гүлмира Ғалымжанқызы
Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әлем тарихында адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар бар. Адамдар сол тұлға арқылы оның ата мекенін, туған халқын, тілін таниды. Оның өмір жолымен, шығармашылығымен танысқан әр жаңа ұрпақ өзін мазалаған сан сұраққа жауап тауып, жаны жайланады. Адамзат үшін Абай – сондай санаулы тұлғалардың бірі.

Әрбір сауатты адам Абайдың шығармашылығын оқуы, елі үшін қызмет еткісі келетін адам Абай шыққан биікке талпынуы тиіс.

Абай «адам» деген ұғымды кең де терең түсінді. Оның түсінігінше, адам- ақылдылық пен имандылықтың, еңбексүйгіштік пен адалдықтың, әділдік пен білімділіктің жиынтығы. Абайдың айтуынша, күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі-надандық, екіншісі-еріншектік, үшіншісі – зұлымдық.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік - хайуандық.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Зұлымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Адам бойындағы жаман қасиеттерді саралаған Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде ұсынады.

Абайдың осы ұстанымына сәйкес жасөспірімдердің өмірлік азығына айналатын Абай мұрасынан сусындату арқылы оқушылардың бойына болашақта қажетті дағдыларды сіңіру көзделді.

Жоба жетекшілерінің мақсаты – Абай шығармашылығы арқылы ұлттық дүниетаным мен ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту. Ол дағдыларға сыни ойлау, әртүрлі дереккөздерден жинақталған ақпаратты іріктеу, жинақтау, тұжырым жасау, нұсқаулық талаптарына сай жоба жүргізу, тайм-менджмент - дедлайнға сәйкес жұмысты аяқтау, зерттеушілік және рефлексиялық дағдыларын жетілдіру.

Жобаның жаңашылдығы сандық ұрпақтың қызығушылықтарына сай Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде айтылған ой, дәуір ерекшелігін зерттеп,

зерделеу, Z ұрпақтың көзімен қара сөздерге комикс құрастыру.

Заманауи білім беру үдерісінде қолданысқа енген іс-әрекеттегі зерттеу (action research) жобасы арқылы оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес дағды қалыптастыру.

Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқитын балалардың негізгі мәселесі – тілдері тым қарапайым, көркем әдебиетті түсінуде біршама қиналатын ортаның өз ойын әдеби тілде жеткізуге машықтандыру.

Іс-әрекетті зерттеу қалай жүргізіледі?

1. Проблемалы салаларды анықтау: Мұғалімдерде тәжірибе барысында туындайтын, жауап алуды қалайтын бірқатар өзекті сұрақтары болатыны сөзсіз, алайда сұрақтардың арасынан күнделікті жұмыста толғандыратын және оқушылардың қажеттіліктеріне қарай туындаған мәселені анықтап, жоспарлы түрде іс-әрекетті жүргізу маңызды. Бұл зерттеудің алғашқы кезеңі болып табылады. Жан-жақты жоспарлау зерттеуді бастағанда қателікті болдырмауға көмектеседі, әрі мәселені зерттеу барысында ынтамен жұмыс істеуге септігін тигізеді.

2. Әдебиетті пайдалану және шолу: Әдебиеттер көздеріне шолу жасаудың пайдалылығын және оны жасау керектігін растайтын үш негіз бар:

1. Сіз қызығушылық танытып отырған сала туралы белгілі бір жағдайлар туралы сізді құлақтандыруға және сізге осы саладағы басты идеяларды айқындауға көмектеседі.

2. Қазіргі бар әдебиетті іздестіру барысында сіз қаралып отырған мәселе мен басқа пәндік салалардың арасындағы өзара байланыс жөнінде түсінік аласыз. Осылайша, тақырып туралы едәуір қомақты білім аласыз, сонымен қатар сіздің осы тақырып бойынша біліміңізді тереңдете түсетін, зерттеуге әбден лайық жаңа салаларды анықтауға мүмкіндік аласыз.

3. Жұмысқа кірісіп, осы саланы зерттеумен айналысып отырған басқа да адамдардың әдістерін зерделеп, сіз олардың ортақ білімге қосқан үлестерімен танысасыз. Нәтижесінде әрбір зерттеуші тақырыпты қалай зерделегені туралы түсінетін боласыз.

3. Деректерді жинақтау: Деректерді жинақтау

кандай іс-әрекеттер қабылдану тиістігін айқындауда маңызды кезең болып табылады.

4. Деректерді түсіндіру: Бұл дереккөздерді логикалық санаттарға ұйымдастыруға және топтастыруға жәрдемдеседі.

5. Деректермен жұмыс істеу: Іс-әрекеттегі зерттеудің эксперимент түрінде жүретіндігін ескеріп, тек бір ғана айнамаалының өзгергені маңызды болып табылады.

6. Нәтижелерді бағалау: Жақсару бар ма екенін көру үшін зерттеудің ықпалы бағалануы тиіс, оны мынадай сұрақтарды қою арқылы анықтауға болады: Жақсару шын мәнінде болды ма және де алынған деректер мұны растай ма?

AR жобасына таңдалған тақырып:

Абайдың шығармашылығы арқылы 8-сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалай дамытуға болады?

Неліктен осы тақырып таңдалды?

Тақырыптың таңдалу себебі: қазіргі жасөспірімдер еліміздің ұлы тұлғаларының шығармашылығымен таныс емес және оны түпнұсқада оқып түсінуде қиналады. Абай шығармашылығын Z ұрпақтың көзімен жаңаша талдау және интерпретация жасау арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту көзделді.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар мұғалімнің нұсқауымен өздігінен ізденіп, Абайдың азаматтық, ақындық, ағартушылық бейнесін таниды.

2. Айналасындағы адамдарға (сыныптастары, достары, туыстары, ата-анасы, т.б.) Абай шығармашылығын насихаттайды.

3. Әр оқушы өз бойында зерттеушілік дағдыларын дамытады.

4. Абай шығармашылығын зерделеп, қара сөздер мен өлеңдерінде айтылған ой, Абай сүрген дәуір ерекшелігінің көрінісі, құндылықтар, халықтың болмысын таниды.

5. Зерттеу нәтижесінің өнімі ретінде:

- Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінен ілімдік комикстер дайындайды;

Жоба түрі: ұзақ мерзімді / 7 ай (қазан-сәуір айлары аралығы)

Жоба 2 кезеңнен және талаптарды қамтиды.

I кезең: Мұғалімдер ұсынған сауалнама сұрақтарын толықтыру және сауалнама сұрақтарына өзіңіз жауап беріңіз және айналаңыздағы адамдар арасында сауалнама жүргізіңіз. Сауалнама жүргізу барысында төменгі шарттарды ескеріңіз:

1. Өртүрлі жастағы адамдар: мысалы, 12 жас, 15 жас, 18 жас, 25 жас, 30-45 жас, 50-65 жас, 70-80 жастағы адамдар.

2. Өртүрлі маман иелері: оқушы, дәрігер, құрылысшы, сатушы, мұғалім, күзетші, еден жуушы,

т.б.

• Сауалнама нәтижелерін жазып алып, мәліметтермен жұмыс жасаңыз.

• Респонденттердің аты-жөнін, жасын, кәсібін жазып алыңыз.

• Сауалнама қорытындысын диаграмма түрінде рәсімдеңіз.

• Сауалнама нәтижелерінен 3 слайдтық презентация дайындаңыз.

• 8-сынып оқушыларының алдында презентацияңызды қорғаңыз.

Сонымен, I кезең тапсырмасы:

• Сауалнама сұрақтарына алдымен өзіңіз жауап беріңіз. (шынайы жауап!)

• Жауаптарыңызды жазып алыңыз.

• Енді ізденіңіз! Бос уақытыңызда осы сұрақтардың жауабын тауып жазып алыңыз! Арнайы қалың дәптер бастаңыз.

• 3 күн ізденіңіз, төртінші күні басқа адамдардан сұрап, сауалнама жүргізіңіз, әр респонденттің жауабын мұқият жазып алыңыз.

• Мәліметтерді іріктеңіз, саралаңыз, жинақтаңыз.

• Қорытындысын әзірлеп, диаграммаға түсіріңіз.

Сауалнама сұрақтары:

1. Сіз Абай Құнанбайұлы туралы не білесіз? (Ол кім болды?)

2. Абай Құнанбайұлы қайда, қашан, қандай отбасында дүниеге келді?

3. Сіздің Абайды тануға қызығушылығыңыз болды ма?

4. Абайдың балалары туралы қандай ақпарат білесіз?

5. Абай өзінің қай өлеңдеріне ән жазған?

6. Сіз Абайдың қандай өлеңдерін жаттадыңыз? Есіңізде қалды ма? Есіңізде қалса, жазып беріңіз.

7. Сіз Абайдың өлеңдерінің тақырыптарын білесіз бе?

8. Абайдың Қара сөздері туралы қандай ақпарат білесіз?

9. Абай өлеңдерінде қазақ халқының болмысы, тұрмыс-тіршілігі және дүниетанымы қалай көрініс табады?

10. Абайдың өлеңдерін, Абайды тану келешек ұрпаққа қаншалықты қажет?

Бұл кезеңде оқушылардың дамытқан дағдылары:

1. Нұсқаулықпен жұмыс, саналы түрде жұмысты орындау.

2. Сауалнама жүргізу мәдениетін қалыптастыру (жақсы тыңдаушы болу, негізгіні жазып, түртіп отыру).

3. Алынған ақпаратты іріктеу, саралау, ең қажеттісін алу.

4. Өзіндік ізденіс: Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты түрлі дереккөздерді оқу, салыстыру, түйін шығару.

5. Ақпараттарды жинақтау, графикалық мәтінге айналдыру.

1. Топтық жұмыс/жеке жұмыс. Жүргізілген же-ребе негізінде таңдаған өлеңнің шығу тарихын зерттеңіз.

- Тақырыбы, аудиториясы (кімге арналған?).
- Қолданған әдеби әдіс-тәсілдер, тілдік ерекшелі-гін зерттеңіз.
- Осы өлеңді үйде ата-анаңызбен мазмұнын, ав-тор ойын талқылаңыз, бір шешімге келіңіз.
- Осы өлең туралы сіздің бұрынғы ойыңыз және қазір туындаған ойыңызды салыстырыңыз.
- Зерттеуге дейін не түсініксіз болды?
- Қандай сұрақтар туындады?
- Қандай сезімде болдыңыз?
- Зерттеуден кейін осы сұрақтарды қайта қарап, жауаптарыңызды толықтырыңыз.
- Өлең мазмұнын сюжет түрінде құрастырыңыз.
- Әр сюжетті суретпен бейнелеңіз.

Бұл ретте оқушыларға талдауға берілген өлеңдер «Көзімнің қарасы», «Қыс», «Ғылым таппай мақ-танба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».

2. Абайдың Қара сөздерінің мәнін, маңызын, уа-қыт және кеңістіктегі өзектілігін түсініп, шолып оқып шығыңыз. (45 қара сөзі бар)

3. Топтық/жеке жұмыс. 4, 7, 15, 17, 18, 21 қара сөз-деріне ерекше назар аударып, өзіңізге ұнаған бі-реуін таңдаңыз, мағынасын түсініп (мұғалім көме-гіне жүгінсеңіз болады) комикс құрастырыңыз, кілтті сөздер, фразалар мен графикалық суретті ти-імді қолданыңыз, компьютер мүмкіндіктерін пай-даланыңыз.

Комикс – ағылшын тілінде comic – күлкілі деген мағына береді. Комикс – суретпен салынған хикая. Әдебиет және сурет өнерін ұштастырады. Бұл өнердің сан түрлі тармағы бар. Бірі графикалық ро-ман тәрізді болса, енді бірі тіпті қысқа болады, оларды стрип деп атайды. Кей мемлекетте сурет са-лынған шығармалардың өзіндік атауы бар. Фран-цуз тілді елдер комиксті bande dessinée, яғни сурет-пен салынған лента десе, жапониялық комикс манга деп аталады. [2]

XIX ғасырда жазылған ұлы ойшылдың нақыл сөз-дері уақыт өте келе өз өміршендігін дәлелдеді, се-бебі Абай көтерген мәселелер бүгінгі күні де өзек-тілігін жоғалтқан жоқ. Адам табиғатын зерттеп, талдап, артық-кем тұстарын көрсетіп, сынап, шешу жолын ұсынған ақын әр қазақтың жақсы жағына өз-геруін көздегені мәлім.

Абайдың барлық қара сөздері комикске келе бер-мейді, сондықтан да дәл адам табиғатын ашатын сөздерін алуды ұйғардық, оқушыға міндетті түрде таңдау беріледі. Себебі көңілінен шыққан дүниені ғана адам әрі қарай зерттегісі келеді, ықыласпен

шығармашылығын дамытады.

Бұл жұмыстың мақсаты: Абайдың қара сөздерін оқып, түсініп, ой елегінен өткізу және қазіргі қо-ғамда Абай сынаған мінез-құлық, іс-әрекет, адам табиғатындағы жағымсыз әрекеттер кездесе ме? Уақыт пен кеңістікте шолу жасап, өзіндік тұжырым жасау. Жаһанданған дәуірдегі заманауи жасөспі-рімдердің санасына ұлттық дүниетаным мен қазақ-тың ашықтығы, қонақжайлығы, мақсатқойғыш-тығы, алға ұмтылу, сыни ойлау, еңбек түбі – береке деген идеяны жеткізу – жоба жетекшілерінің басты міндеті.

Қарасөз – арабтың «ғаклия» деген сөзімен мәндес. Ғаклия - көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағы-наны білдіреді. Талдауға ұсынылған қара сөздерге тоқталсақ, 4, 7, 15, 17, 18, 21.

Абайдың қара сөздері және өлеңдері адам табиға-тын, сан қырлы мінез иірімдерін зерделеп, талдап, өзгеруді ұсынады.

Мысалы, 4 қара сөзінде: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахаты-ның қайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарам-сыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сы-йынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» -деді. Осы сөздерден Абайдың өмірінді бос нәрсеге жұмсамай, талап қыл, еңбек ет, білім қу деген кеңе-сін түсінуге болады.[6]. Адам мінезіндегі мақтан-шақтық, өсек айту, басқа адамның іс-әрекетін аңду сияқты жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға тәрбиелейді.

Мысалы, 7 қара сөзінде адам бойындағы тән құ-мары мен жан құмары туралы ойды айта келе, адам-ның бала кезіндегі әр нәрсеге қызығушылығы, ай-наладағы дүниені тануға құмарлығын құптайты-нын түсінеміз. Автор идеясы бойынша әр адам ру-хани дамуға ұмтылып, дүниетанымын кеңейтуі тиіс.

Ал, 15 қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қата-рында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қа-лай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дү-ниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? [6]. Жоқ, болмаса, не қылып өткізге-ніңді өзің де білмей қалыппысың?»-деуі қазіргі за-манда кең таралған сабақтан кейінгі рефлексия, кез келген үлкен істі атқарғаннан кейінгі өз жұмысың-ның нәтижесін талдау, ұтымды тұстары мен кем-шін тұстарын саралауға үйрету емес пе?

17 қара сөзінде, Ғылым Ақыл, Қайрат, Жүрек

үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынады. Жеке-жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басыңды қос, оның ішін де жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Дәл осы мәселе Абайдың өлеңіне де арқау болады.

«Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек» деген өлеңінде Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз,
Ғылым - сол үшеуінің жөнін білмек. [1].

Бұл сөздерді оқыған жасөспірім өз болашағына құнды мәлімет жинап, өз өмір ережелерін өзгертіп, алдына мақсат қояры анық.

Ал қысқа ғана 18 қара сөзінде: адамның әр түрлі әдетін әңгімелей келе, «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», - дейді. [6].

19 қара сөзінде: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. [6].

Осы сөз арқылы Абай өскелең ұрпақтың ақ пен қараны ажырата алуына және жаңалыққа ашық болуына шақырады. Осы сөздің негізгі идеясына ақынның 5 дос және 5 дұшпан туралы ойы сәйкес келеді.

21 қара сөзінде басты мәселе етіп, адам бойындағы жаман қасиет – жалығуды алады. Адам баласы неден жалығады? Жалығу дегенді тек өмірдің құндылығын бағалай алмайтын адамдар ғана айтады. Өмірдің қызығы – байлық емес, бұл өмірде

дәрежеге жету үшін әр адам ең алдымен жаман қасиеттерден (кербездік, мақтан, өтірік айту, дүниеқорлық, пасық сөйлеу т.б) арылуы тиіс.

Осы нақыл сөздерді оқып, талдап, комикс құрастыру арқылы оқушылардың:

- дүниетанымы кеңеседі;
 - сыни ойлауы дамиды;
 - шығармашылық қабілеті артады;
 - жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратады.
- Бұл кезеңде оқушылардың дамытқан дағдылары:
1. Нұсқаулықпен жұмыс, саналы түрде жұмысты орындау.
 2. Абай өлеңдерін оқу, көтерген тақырыптары мен идеясын түсіну, Абай дәуірін түсіну.
 3. Абайдың қара сөздерін оқу, түсіну, зерделеу
 4. Жанына жақын бір сөзді алып, графикалық әңгімеге айналдыру
 5. Комикс құрастыру
 6. Арт, дизайн пәндерімен байланыстыру.
 7. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
 8. Рефлексия жасау

Оқушылар ұлы тұлға шығармашылығын зерттеу нәтижесінде қазақ халқының болмысы, мәдениеті, дүниетанымы туралы түсінік қалыптастырып қана қоймай, сөздік қорын толықтырып, дамытты. Замандастарына зерттеу нәтижесін ілімдік комикстер жасау арқылы ұлы тұлғаның философиясын сандық форматта жеткізді.

Жалпы, жоба жүргізу барысында әрбір оқушының ой-санасы өсті, айналаны бақылауы, қабылдауы өзгерді, адам табиғатын түсінуі артты, адамгершілік құндылықтарды бағалай бастады деп нық сеніммен айта аламыз. Құбылмалы әлемде Абай тағлымынан сусындап, келер ұрпаққа жеткізу – ұстаздың міндеті.

Қолданылған әдебиет

1. Қажым Жұмалиев. "Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста"
2. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/37911/>
3. <https://abaialemi.kz/kz/post/index/page/2?cid=61>
4. <https://studfile.net/preview/5185634/page:2/>
5. <https://znaniya.com/task/30891287#readmore>
6. <https://sputniknews.kz/spravka/20190603/10363662/Abai-Qunanbaiuly-qara-sozder.html>